

2015 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 6 наурыздағы № С-35/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 сәуірде № 4726 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» № 183 қаулысының 2 тармағына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 2015 жылы ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға келесі әлеуметтік қолдау шаралары ұ с ы н ы л с ы н :

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | | | |
|-------------------------------------|------------------|---------------------|-----------------|
| | <i>Бесінші</i> | <i>шақырылған</i> | <i>Көкшетау</i> |
| | <i>қалалық</i> | <i>мәслихатының</i> | <i>35-ші</i> |
| <i>кезекті сессиясының төрағасы</i> | <i>А.Аузаров</i> | | |
| | <i>Бесінші</i> | <i>шақыралған</i> | |
| | <i>Көкшетау</i> | <i>қалалық</i> | |
| <i>мәслихатының хатшысы</i> | <i>Б.Бегалин</i> | | |

«КЕЛІСІЛДІ»

Көкшетау қаласының әкімі

Е. Маржықпаев

2015 жылғы «06» наурыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК